

ГТАХР 18.01.21

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФОТОГРАФИЯ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

О.Е. Алхаров

магистрант

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

email: aidahar.studio@mail.ru

20.03.2019 мен 30.03.2019 күндер аралығында “Survey Monkey” сайты пайдаланып, “Қазақстандағы фотография” тақырыбында әлеуметтік сауалнама өткіздім. Сауалнамаға фотография саласы мамандарымен қатар, басқа да қызметтегі 134 респондент қатысты. Бұл осы тақырып бойынша сауалнаманы объективті бағалауға мүмкіндік берді. Сауалнама тапсырманы анықтауға арналған 10 сұрақтан тұрады. Сұрақтар қоғамдағы және халықтың күнделікті өміріндегі фотографтардың маңыздылығын айқындайды. Біздің мақсатымыз - Қазақстандағы кәсіби фотосуреттің деңгейін анықтау болған. Фотографияның дамуына қандай шаралар жасалып жатыр. Фотография өнері жайлы респонденттердің ойлары.

***Түйін сөздер:** фотография, фотография тарихы, Қазақстандағы фотография өнері, фотожурналистика*

Адамзат өмірінде сәні мен қоса мәні бар өнер саласы - фотографияның зор үлесі бар. Шумерлер заманынан (б.э.д 2000 жыл) қалған жазбалардан бастау алған, сосын философ Аристотельдің еңбектерінде кездесетін “қараңғы бөлме” туралы мәліметтер фотографияның пайда болуына ықпал жасаған[1; 13]. 1839 жылдың 7 қаңтарында француз өнертапқышы Л.Дажер Париж ғылым академиясында өткен мәжілісте алғаш рет фотографияны дүниеге алып келді [2; 16]. Ал, “фотография” терминін 1836 жылы Джон Гершел енгізді, грек тілінен аударғанда “жарықпен сурет салу” деген мағына береді[3; 34]. Бұл ғылыми жаңалық Европадан Ресейге, Ресейден Қазақ жеріне де жетті. XIX ғасырда өмір сүрген белгілі ақын Шәңкереі Бөкеев фотография саласында қызығушылық танытып еңбек еткені тарихтан белгілі. Өз замандастарын суретке түсіргені, сол дәуірде фотошежірелік суреттердің қазақ жеріне алғаш аяқ басқаны дәлел. Қазақстандық алғашқы фотографтар – Ақмолалық И.Е. Кесслер, Семейлік Старцева, Семейлік А.Лейбин, Верныйлық П.Лейбин, Бөкей ордасында Шәңкереі Бөкеев және Шәуешекте М.А.Юсупов болды [4; 60]. Алматы қаласында тұңғыш ашылған фотостудия 1873 жылы Соломон Лейбиннің студиясы, қазіргі Гоголь мен Достық көшелері қиылысында (Верный шаһары, Штабной және Колпаковский көшелері түйіскен тұста) орналасқан [4; 79]. Қазақстанда 1932 жылдан бастап газет мен журналдардың штаттық кестесіне фотограф мамандығы енген соң, осы саланың маңыздылығы арта түсті. Фотожурналистика саласында ерен еңбек еткен Р. Дүйсенғалиев, С.Ақпанбетов, Б. Тілекметов, Р.Жұбанов сияқты фототілшілер осы саланың дамуына зор үлес қосты. Осыған қоса заман талабына сай жер-жерлерден фотостудиялар ашыла бастады. Бірақ фото саласының өркендеуіне, фототехникалық құрал - жабдықтардың және қосымша керек заттардың Мәскеуден алдыратындығы әсерін тигізді. Өнеркәсіппен қатар фото саласы да көптеген қиын даму белестеріне тап болды. Қазақ жерінде XIX ғасырда қазақ халқының мәдениетін, дәстүрлерін, өнерін және күнделікті өмір салтын зерттеу үшін шет жақтық фотографтардың да үлесі орасан зор [5; 79].

XX ғасырда әлемдік фотография өте қарқынды дамыды. Көптеген фотографтар осы салада еңбек етті. Фотография жанрлары, негізінен алғанда : портрет, пейзаж, архитектуралық (сәулеттік) түсірілімдер, интерьер, фотожурналистика, жанрлық фотография (тақырыптары: балалар, спорт; жануарлар т.т.) фоторепортаж, ғылыми фотография, ғарыштық, имидждік, папарацци, жарнамалық фото т.т. сияқты. Әр жанрдың қоғамда алатын орны ерекше. Күнделікті өмірімізде жиі кездесетін фото саласы туралы әлеуметтік сауалнама арқылы мәлімет жинадық. Сауалнаманың респонденттерінің 15 жастан бастағанымыз саналы тұрғыда білімі бар азаматтар

болуын қаладық. Қастысқандардың ішінде 5,88% ғана 15-20 жас аралығында болса, 20-30 жас мөлшері аралығында 50%, ал қалған 44,12% -ті 30 жас үлкен жастағылар.

Техниканың дамыған қазіргі заманымызда сурет түсіре алатын фотоаппараттарға қоса түрлі қолжетімді гаджеттер пайда болды. Ұялы телефондар, планшеттер, бейне бақылау құрал жабдықтары сияқты фотоға түсіру мүмкіндігі бар құралдармен күнделікті өмірімізде жиі кездесеміз. Бірақ олардың көмегімен түсірілген бейнелердің бізді қанағаттандырады ма? - деген сұраққа мынадай жауап алдық. 51,52% - ия десе, 48,48% жоқ – деп, жауап жазды.

Яғни, 48,48% жұмыс көлемнің өзі кәсіби деңгейдегі еңбек күшін талап ететіндігі айқын көрінді. Осыдан ұғатынымыз, ол жабдықтардың бір жағынан суреттің сапасына әлі де болса техникалық дамыту қажеттілігі керек болса, екінші жағынан сол суреттерді түсіріп жатқан азаматтардың фотоға түсіру біліміне көңіл аударуымызды талап етеді. Дегенмен, ұялы телефон сияқты гаджеттердің көмегімен түсірілген суреттердің қолдану аясының осы салада мамандандырылған ортада кең пайдаланбайтындығын білеміз. Себебі, арнайы фотоаппаратпен гаджеттерді салыстырғанда суретке түсіру мүмкіндік ерекшеліктері өте үлкен. Фотоаппаратқа сурет түсіргенде, негізгі мақсатқа көңіл бөліп, қалқа, ұсталым және сезімталдықты теңшей отырып, көптеген мүмкіншілікті пайдалана аламыз. Ал, гаджеттерде бұлар автоматты түрде жұмыс жасайды. Демек, кәсіби фотоаппараттарын орнын әртүрлі гаджеттер баса алмайды.

XXI ғасырда пайда болған әлеуметтік желілерді фотографиясыз елестету мүмкін емес. Instagram, Facebook, Telegram, WhatsApp, WeChat, Twitter, ВКонтакте т.б. желілердің негізін қалайтын фотобейнелер екені айқын. Осы желілерге қаншалықты қоғамда сұраныс бар екенін байқау үшін қойылған сұраққа: 97,06% қолданатындығы, ал 2,94% жүгінбейтіндігі мәлім болды.

Осы желілерге қолданатын фотолардың көбісі сол гаджеттердің көмегімен жасалатынын ескерсек, фотоны түсіру кез келген адамға қолжетімді болғанын байқаймыз.

Фотоның тарихында осыған дейін болмаған құбылысты көреміз. Жас мөлшеріне, біліміне, орналасқан ортаға қарамай, кез келген қарапайым адам гаджеттегі бір түймені басса сурет түсіріледі. Әлемде техника мен технологиялардың әрі қарай күнде дамып келе жатқаны тағы бар. Енді, осы желілерге қаншалықты жиі сурет енгіземіз? – деген сұраққа мынадай жауап алдық: күнделікті 21,21%, аптасына бірнеше рет 33,33% ал, 45,45% айына бірнеше рет.

бойынша фотография пайда болғаннан бері фото мамандары 2015 жылға дейін 3,8 триллион фото түсірілген болса, тек 2016 жылы ұялы телефон көмегімен триллион фото сурет түсіріп адамзат интернет желісіне жүктеген[3,6]. Жылына миллиардтаған адамдар ұялы телефонмен фото түсіріп жатса, фотографияның адам өмірімен қаншалықты тығыз енгенін түсінеміз.

Әр адам суретке қаншалықты жиі суретке жиі түседі. Сауалнамаға жүгінсек: күнделікті 15,15% , аптасына бірнеше рет 39,39% және 45,45% айына бірнеше рет түседі екен. Фотоға түсіру мен қатар фотоға түсу қатар жүретіндігін ескеру қажет. Ол қажеттіліктен туған ба, әлде қызығушылық па? Фотографияны бейнелеу өнерімен салыстырсақ, әр адамның тез мезетте көркем дүниені қалт етпей таспа бетіне түсіру мүмкіндігін пайдалану үшін уақыттың да, көп еңбектің де мұқтаж етпейтінін байқаймыз. Осылай оңай өнер туындысын өмірге әкеле аламыз ба?

Сонда жыл сайын интернетке қойылып жатқан триллион фотолардың барлығы өнер туындылары ма деген ой туады. Әрине, фотографияны біз екіге бөліп қарауымыз керек. Біріншісі: күнделікті өмірде кездестіретін фотобейнелер мен өзіміз түсіріп жүрген фотосуреттер. Ал екіншісі: фотографияның құдіреті арқылы өнер туындыларын жасап жүрген фотоөнер майталмандарының шығармалары. Фотографияны жалпы өнер саласына нақты қосқан үлесі үшін, бұл саланы өнердегі орнын, санамыздағы фотографияны өнер ретінде қалай қабылдайтынымызды туралы нақтырақ түсіну үшін, төмендегі сұраққа былай жауап алдық:

Қазақстандағы фотография өнерін - өнер есебінде қабылдаймыз деушілер 24,24%, Еуропа фотоөнеріне 9,09%, барлық елдер де деушілер 66,67%.

Көпшіліктің фотография өнеріне әр түрлі көзқарастар туындағанын байқадық. Демек, барлық елдерде кең тараған болса да, осы салада нағыз өнер есебіндегі деңгейі әр түрлі. Бұл мәселеге мемлекеттің әлеуметтік жағдайы мен білім жүйесінің әсері тікелей қатысты. Мәселен, тек Түркиядағы Ыстамбұл қаласының өзінде 5 жоғары оқу орындарында фотография бөлімдері бар. Әр бөлімі бірнеше мамандандырылған фотографияның жанрларының кәсіби мамандарын дайындайды. Мимар Синан университетіндегі фотография бөлімінде фотографияны өнердің бір

саласы ретінде қарастырып, фотоөнер мамандарын дайындайды. Ал, елімізде Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында “Кино және ТД” факультеті және аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде “журналистика” факультеті, Қазақ ұлттық өнер университетінің “кино және ТД” кафедрасы, Тұран университетінің “Кино және телевидение академиясы” факультеті сияқты оқу орындарында тек 1 семестр бойы өтетін фотография пән есебінде шектеліп қалған. Жоғарыда аталған оқу орындарынан студенттер видео оператор немесе журналист мамандары болып шығады. Осыған байланысты елімізге фотографтар дайындайтын жоғары оқу орындарында кафедра немесе факультет қажет пе деген сұрақ туындады, «94% респонденттер қажет - десе, 5% керекті жоқ», - деді.

2019 жылғы 15 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 3328 БАҚ тіркелген, оның ішінде 2790 – мерзімді баспа басылым, 128 телеарна, 70 радио, 340 ақпараттық агенттік және желілік басылым. Тіркелген БАҚ-тың жалпы санынан саны көп топ баспа басылым – 2790 (немесе 83,8%), оның ішінде газет – 1800 және журнал – 990 [6].

Заманауи жағдайларда адамға ақпарат қабылдаудың барлық арналарының барынша пайдалану керектігі мәлім. Баспа басылымдардың қайсысы болса да бейнемен көркемдеусіз шықпайды. Яғни, басылымдардағы фото контенттерді пайдаланудағы фотографияның ролі материалдың нақтылығына, көркемдігіне, ақпаратты суреттейтін түрлі мазмұндағы репортаж фотосуреттері жаңалықтарды көрерменнің қабылдауындағы толығымен әсер береді. Интернеттің дүние жүзілік таралуы тұтынушыға осындай ақпаратты жеткізуге мүмкіндік беретінін ескеріп, осы мақалалардың контенттінің фотосуретсіз қабылдау мүмкін емес. Бұқаралық ақпарат құралдарында кез-келген жаңалық, ақпарат иллюстрациясыз таратуға болмайды. Фотожурналистер және кәсіби фотографтардың ақпарат таратуда, қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдары дамуының қазіргі кезеңінде ақпараттың пайдаланушыға жеткізудегі орнының күшеюі артып келеді.

Ақпаратты беру жылдамдығы қазіргі заманғы байланыс құралдарын ұлғайтуға көмектеседі, онда ақпарат визуализация арқылы қабылдау үшін қол жетімді болады. Фотоматериалдардың жоғары ұтқырлығы мен сапасы пайдаланушыға ақпаратты тез жеткізуге мүмкіндік береді.

Жаңалық сайттардың қолдану статистикасын талдай отырып, жоғары сапалы фотосуреттер санының көбеюі пайдаланушылардың ресурсты пайдалану көлемінің көбейтетіндігін ең екендігін басып айта аламыз.

Тек, егер осы мекемелердің қызметтеріне фотограф мамандарының тікелей қатысы барын ескергеннің өзінде елімізге осы саланың мамандарын дайындайтын оқу орындарын қажеттігін аңғарамыз. Сауалнамадағы 94,12% осыған дәлел болғандай.

Қарапайым адам кәсіби фотографтардың қызметтеріне жиі сүйене ме? Олардың өміріндегі маңызды уақиғалар бейнеленген таспалары, құжаттар мен отбасылық альбомдағы фотолары көркем әрі сапалы болуына фото-мамандардың ықпалы қандай? Көпшіліктің фото мамандарына тікелей қаншалықты жүгінетіндігін айғақтауға төмендегі сауал қойылды. Фото мамандарына соңғы рет қашан жүгіндіңіз? Анализ бізге апта ішінде 8,82%, айына 32,35% жүгінетіндігін көрсетті.

Еліміздегі 18,2 миллион халқының санын ескерсек, тек бір айдағы фотографтардың еңбек көлемінің ауқымының кеңдігін анықтай аламыз. Фото саласындағы сауатты түрде еңбек жасап жүрген өнер тұлғаларының көрмелері жайлы тоқталайық. Еліміз ең үлкен қалалары Астана мен Алматы қалаларындағы арнайы көрме залдарының жылдық жоспарында жүгінсек, ауқымды фотокөрмелер жоқтың қасы. Бейнелеу өнер мұражайларында ерлі-текті еуропа мемлекеттерінен келетін фотографтардың көрмелерін өтетінін байқаймыз. Осыған қосатын мәлімет еліміздегі ең ірі мегаполис болып есептелетін Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Қастеев атындағы өнер мұражайындағы көрме залында жылына шамамен 70 – 100 ұйымдастырылса соның 1 -2 ғана фотографияға қатысты екен [7]. Әлемде фотографтардың еңбегін көптеген озық мәдениеті бар мемлекеттер бағалайды. Мысалға, тек Нью-Йорктағы заманауи өнер музейінде Анри Картье-Брессонның көрмесіне 400 мыңнан астам көрермен келген [8; 418]. Дәл осындай мысалдарды келтіретін болсақ сан жетпейді.

Жергілікті мәдениетіміз, өнеріміздің сан-салаларын, кең байтақ еліміздің табиғаты сияқты тағы да басқа құндылықтарымызды көркем фотошығармалары есебінде елге ұсынатын қазақ фотографтарының белсенділігі әлсіздеу екені байқалады. Дегенме, ұйымдастырылып жатқын

кішігірім фотокөрмелерге қаншалықты көрермендердің қызығушылығын байқауға әрекет жасадық. Сауалнамадағы фотокөрмеге соңғы рет қашан бардыңыз деген - сұраққа мынадай мәлімет алдық. 1 ай көлемінде 26,47%, жыл ішінде 20,59% барған болса, 52,94% тұлғалардың соңғы рет қай уақытта фотокөрмеде болғандары естерінде жоқ екені мәлім болды.

Осыдан ұғатынымыз екі нәрсе. Біріншісі, қаншалықты фотокөрмелер жиі ұйымдастырылады. Оның тақырыптары мен көрерменге қызығушылығы тағы бір мәселе. Қойылған көркем фотошығармалардың сапасы және автордың өз саласындағы деңгейі, дүниетанымдық көзқарасы мен ұстанымы сияқты мәселерге сүйенсек, көрермендердің көрмелерге қызығушылық ықпалы анықталады. Екіншісі, аз да болса ұйымдастырылып жатқан фотографиялардың шығармаларына ел ішінде қызығушылық танытатын тұлғалардың жылына 47,06% болуы дәйек.

Өте жиі кездесетін портрет жанрындағы фотоларға тоқталсақ. Фото тарихынан белгілі ерте кезде фотографиялар тек ақ-қара түсті болған. Мұрағаттағы құнды суреттердің көбісі сол кезеңдерге тиесілі. Егер психологиялық тұрғыдан қарасақ, адам психикасының көзбен визуальді түрлі-түсті бейнеге қарағанда, ақ – қара фотонь қабылдау ерекшелігі байқалады. Портрет жанрындағы фотография қай жағдайда әсерлі қабылданады деп ойлайсыз – деген сұраққа мынадай жауап алдық. 38,24% ақ-қара түсті таңдаса, 61,76% түрлі-түсті портреттерге тоқталды. Қолдағы бар гаджеттер мен фотоаппараттар автоматты түрде бейнелерді түрлі – түсті түсіреді. Көрмелердегі портреттерге композиция мен сюжетке қоса түстің көмегімен бейнелердің образдар айғақтауға түстің де ролі маңызды екені белгілі. «Бірақ біздің кәсіби фотографиялар деп айтып жатқан мамандардың білімінің деңгейі қандай?» – деген сұрақ мазалайды.

Қорытынды. Сараптамаға жүйелі түрде талдау жасай отырып төмендегідей тоқталымға келдік:

- Күнделікті түсіріліп жатқан фотографиялардың көркемдік сапасын көтеру үшін бағыт-бағдар беретін жағдай жасау;
- Фотография жайлы қазақ тілінде кітаптар мен оқу құралдарын басып шығару;
- Фотокөрме жиі ұйымдастырулыға ықпал жасау арқылы көрермендердің талғамын дамыту;
- Оқу орындарында фото бөлімдерін ашу. Мамандырылған фотожурналистерді дайындау;
- Фотоөнер саласына ғылыми зерттеулер жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Tuna Uysal. Fotoğrafi ve sinematografnin görselik ilişkisi. Yüksek Lisans Tezi. T.C. Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi. 2007
2. Акопян М.Р. Фотография. М.: «Эксмо», 2017
3. Брайан Дилг. Фотография за 30 секунд. М.: «Рипок Классик», 2015
4. Асылхан Әбдірайымұлы. Фотожурналистика. А.: «Қазақ университеті», 2013
5. Оңғарбек Алхаров. «Гуманитарлық білім беруді жаңарту: ғылым, мәдениет, өнер» атты «ғылым апталығының» аясындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Т.Жургенов ҚазҰӨА. Алматы. 15-19 сәуір. 2019
6. <http://mic.gov.kz/ru/pages/kolichestvo-zaregistrirovannyh-smi-v-kazahstane> Қолданылған күні 20.04.2019
7. <http://www.gmirk.kz/ru/lang-ru-otchet-za-2015-god-lang-lang-kz-2015-zhyldy-zh-mys-esebi-lang-lang-en-report-for-2015-lang> Қолданылған күні 21.04.2019
8. Susan Sontag. On photography. New York Review of Books. 1973,1974,1977.

ФОТОИСКУССТВО В КАЗАХСТАНЕ И АСПЕКТЫ ЕГО РАЗВИТИЯ

О. Е. Алхаров

магистрант,

Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова

email: aidahar.studio@mail.ru

В период с 20.03.2019 по 30.03.2019 г. используя сайт Survey Monkey, я провел социологический опрос на тему «Фотография в Казахстане». Целью опроса было рассчитать уровень знаний об искусстве фотографии в Казахстане среди населения. В опросе приняли участие 134 респондента, как профессионалы в области фотографии, так и люди других сфер деятельности, что позволило более объективно оценить исследование по этой теме. Опрос состоял из 10 вопросов, которые были направлены на выявление важности фотографии в обществе и повседневной жизни людей, уровня деятельности профессиональных фотографов в Казахстане.

Ключевые слова: *фотография, история фотографии, фотоискусство в Казахстане, фотоискусство, фотожурналистика*

PHOTOGRAPHIC ART IN KAZAKHSTAN AND ASPECTS OF ITS DEVELOPMENT

O.E. Alkharov

Master student,

T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Art

email: aidahar.studio@mail.ru

In the period from 20.03.2019 for 30.03.2019 using the site “Survey Monkey”, I was conducted a sociological poll on the theme “The photography in Kazakhstan”. The purpose of the survey was to calculate the level of knowledge about the art of photography in Kazakhstan among in the population. The survey was attended by 134 respondents both professionals in the field of photography and from other areas of humans activity which allowed to evaluate the survey on this topic more objectively. The survey consisted of 10 questions, which were aimed at identifying the task. The questions raised the importance of photographs in society and in everyday life of the people, the level of professional photography in Kazakhstan.

Key words: *photography, history of photography, photo art in Kazakhstan, photojournalism*

Редакцияға 30.04.2019 қабылданды